

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

№ 01 ХАТТАМА

28 тамыз 2025 жыл

Ғылыми кеңес мәжілісі

Төраға: ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенова

Хатшы: ғылым кандидаты, қауымдастырылған профессор Ш.А. Аманжолова

ҚАТЫСҚАНДАР: 28 адам (Келу парағы хаттамаға қоса тіркеледі).

ҚАТЫСПАҒАНЫ: 2 адам: С.М. Медеубаева, «Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.); М.Т. Койлыбаева, «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), философия докторы (PhD) (денсаулығына байланысты).

Күн тәртібінде:

1) 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы (Г.К. Тасбергенова, *ФК төрағасы, ректор*);

2) 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес жұмыс жоспарын бекіту туралы (Г.К. Тасбергенова, *ФК төрағасы, ректор*);

3) 2025 жылғы Қабылдау емтиханының қорытынды есебі (Қабылдау комиссиясының жасауапты хатшылары);

4) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Диссертациялық кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы (А.С. Нусупова, *Төраға орынбасары, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор*);

5) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (С.А. Черепанова, *Заң секторының басшысы*);

6) Әртүрлі.

6.1 2025-2026 оқу жылына арналған оқу ақысының құнын бекіту туралы (А.Т. Мазбаева, *Қаржы-экономикалық қызметінің басшысы*);

6.2 Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға ұсыну туралы (Кафедра меңгерушілері, *Ғалым хатшы*);

6.3 Дина Кенжеқызы Нұрпейісоваға арнап орнатылған ескерткіштің қасында Халық күйшілері мен дүниеден өткен Күйші композиторлардың есімдері жазылған белгі тасқа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, күйші, композитор – Орынбай Дүйсеннің есімін жазу туралы (Г.К. Тасбергенова, *ФК төрағасы, ректор*);

6.4 Құрманғазы атындағы ҚҰК кәсіподағы туралы (В.В. Сиротин, *Ректор аппараты қызметінің басшысы*).

КІРІСПЕ СӨЗ:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Бүгін Ғылыми кеңестің осы оқу жылындағы алғашқы мәжілісі. Барлықтарыңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын, баршаңызға зор денсаулық, шабыт, шыдамдылық және зор табыс тілеймін! Бұл оқу жылы мазмұнды және жемісті болсын.

Биылғы жылы бір неше кафедралардың меңгерушілері ауысып, жаңадан тағайындалады. Осыған орай, бірнеше жыл факультетте және кафедрада үздіксіз еңбек сіңірген келесі ҒК мүшелерін алғыс айтып шығарып саламыз:

1) С.М. Медеубаева, «Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);

2) М.Т. Койлыбаева, «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), философия докторы (PhD);

3) З.Ш. Измуратова – «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);

4) А.Б. Исатаева – «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, доцент (акад.);

5) Д.Е. Кешубаева – «Арт-менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, магистрі;

6) И.А. Гавриленко – «Арнайы фортепиано» кафедрасы меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымдарының магистрі.

Дегенмен бүгінгі ҒК мәжілісі 2024-2025 оқу жылы бекітілген құраммен өтеді.

Талқыланатын сұрақтар біршама. Күн тәртібіндегі алғашқы сұраққа ауыссақ.

1. ТЫҢДАЛДЫ: ҒК төрағасы, ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенованың 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – ҒК төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Кадрлық өзгерістерге байланысты және жоғарыда айтып өткендей биыл кейбір кафедра меңгерушілерінің ауысуына байланысты Ғылыми кеңесінің 2025-2026 оқу жылына құрамы келесіндей бекітілсін:

1) Ғылыми кеңес төрағасы – Г.К. Тасбергенова, ректор, философия докторы (PhD).

Ғылыми кеңес мүшелері:

2) А.С. Нусупова – Төраға орынбасары, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, профессор (акад.), өнертану ғылымдарының кандидаты;

- 3) Ж.А. Кошербаев – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, философия докторы (PhD);
- 4) Н.Т. Кулданов – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор, Мәдениет саласының үздігі;
- 5) А.Б. Наурзбаева – Ректордың кеңесшісі, Мәдениет саласының үздігі, профессор, философия ғылымдарының докторы;
- 6) В.В. Сиротин – Ректор аппараты қызметінің басшысы, Мәдениет саласының үздігі;
- 7) Г.М. Джагупарова – Compliance officer;
- 8) Н.А. Ертаева – Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы;
- 9) С.И. Утегалиева – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, профессор (ҒЖБССҚЕК);
- 10) А.Р. Бердібай – доцент (акад.), философия докторы (PhD);
- 11) А.С. Сарымсакова – Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы, Мәдениет саласының үздігі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының кандидаты;
- 12) Г.Ж. Мусагулова – «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы, профессор (акад.), өнертану ғылымдарының кандидаты;
- 13) А.З. Бултбаева – «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы, өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.;
- 14) А.С. Бекенова – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент (акад.), философия докторы (PhD);
- 15) Ғ.Ғ. Ғабдрахимова – «Халық музыкасы» факультетінің деканы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, аға оқытушы, магистр;
- 16) А.Ш. Косанова – «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қауым. профессор (доцент);
- 17) З.М. Касимова – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымдарының кандидаты;
- 18) Ж.Р. Ерманов – «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасы меңгерушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор (ҒЖБССҚЕК);
- 19) А.А. Тлеубергенов – «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия докторы (PhD), доцент (акад.);
- 20) Г.К. Берекешев – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.);
- 21) Б.С. Калдаева – «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), философия докторы (PhD);
- 22) А.М. Оспанова – «Арт-менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD);

23) Т.К. Бекназарова – «Вокалдық өнер» кафедрасының меңгерушісі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;

24) А.М. Джумагалиева – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, Мәдениет саласының үздігі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;

25) А.А. Карсакбаева – «Қобыз және баян» кафедрасының меңгерушісі, Мәдениет саласының үздігі, доцент (акад.), өнертану ғылымдарының магистрі;

26) К.М. Халилова – «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, Мәдениет саласының үздігі, қауымдастырылған профессор м. а., өнертану ғылымдарының магистрі;

27) Г.У. Ермагамбетова – «Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор м. а.;

28) Е.Б. Какежанов – «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы, өнертану ғылымдарының магистрі;

29) М.И. Утетилеуова – «7М02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығы бойынша 2 курс магистранты;

30) А.В. Германцева – «6В02115 – Аспаптық орындаушылық / Фортепиано» мамандығының 3 курс студенті.

Ғалым хатшы: Ш.А. Аманжолова – ғылым кандидаты, қауымдастырылған профессор (ҒЖБССҚЕК).

Ғылыми кеңестің ұсынылған 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамы бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 28 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ғылыми кеңесінің шешіміне байланысты, 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамы қайта бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

2. **ТЫҢДАЛДЫ:** ҒК төрағасы, ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенованың 2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес жұмыс жоспарын бекіту мәлімдемесі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – ҒК төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Ғылыми кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған Жұмыс жоспары:

№ 01 МӘЖІЛІС, 28.08.2025 ж.		
№	КҮН ТӘРТІБІ	ЖАУАПТЫЛАР

1.	2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы	Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор
2.	2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес жұмыс жоспарын бекіту туралы	Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор
3.	2025 жылғы қабылдау емтиханы туралы	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшылар
4.	«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Диссертациялық кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы	А.С. Нусупова, Төраға орынбасары, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор
5.	«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	С.А. Черепанова, Заң секторының басшысы
6.	Өртүрлі	
№ 02 МӘЖІЛІС, 24.09.2025 ж.		
7.	2025-2026 оқу жылына арналған Оқу-әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту туралы	Ж.А. Кошербаев, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
8.	2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие және әлеуметтік жұмысының жоспарын бекіту туралы	Н.Т. Кулданов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор
9.	ҚР ҒЖБМ Республикалық «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсына қатысу үшін Құрманғазы атындағы ҚҰК ішкі ЖОО конкурсының комиссия құрамы мен мерзімдерін бекіту туралы	Ж.А. Кошербаев, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
10.	Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің 2025-2026 оқу жылына арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы	Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің басшысы

11.	2025-2026 оқу жылына арналған БББ бөлінісіндегі Академиялық комитеттердің құрамын бекіту туралы	Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы
12.	2025-2026 оқу жылының күзгі-қысқы семестріне арналған пәндер тізімі мен емтихандарды өткізу нысандарын бекіту туралы (Білім берудің барлық деңгейлері үшін)	Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы; Декандар
13.	Әртүрлі	
№ 03 МӘЖІЛІС, 29.10.2025 ж.		
14.	1 курс магистранттары мен докторанттарының ғылыми жетекшілері мен диссертациялық зерттеу тақырыптарын бекіту	А.С. Нусупова, Ғылыми- инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор
15.	2025-2026 оқу жылы түлектерінің (бакалавриат) дипломдық жұмыстары мен жобалары тақырыптарын бекіту туралы	Ж.А. Кошербаев, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
16.	2025-2026 оқу жылына арналған АК және МАК құрамын бекіту (қысқы және көктемгі семестрлер)	Ж.А. Кошербаев, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
17.	2025 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелері туралы	Ж.А. Кошербаев, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
18.	Концерттік-шығармашылық және дыбыс жазу студиясы қызметінің 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту туралы	Г.Р. Тажибаева, Концерттік- шығармашылық және дыбыс жазу студиясы қызметінің басшысы
19.	2025-2026 оқу жылындағы оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің қамтамасыз етілуі туралы	Оқырмандарға қызмет көрсету, қорларды жинақтау және сақтау бөлімінің басшысы
20.	Әртүрлі	
№ 04 МӘЖІЛІС, 26.11.2025 ж.		

21.	Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының 2025-2026 оқу жылына арналған жоспары мен болашағы	Б. Бабижан, Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі
22.	2025 жылы білім алушылардың академиялық ұтқырлығына шығындарды қаржыландыруды бекіту	А.Т. Мазбаева, Қаржы-экономикалық қызметінің басшысы
23.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ПОҚ ғылыми еңбектерін баспаға ұсыну туралы	Кафедра менгерушілері; Ғалым хатшы
24.	Әртүрлі	
№ 05 МӘЖІЛІС, 31.12.2025 ж.		
25.	2025 жылға арналған Консерваторияның даму бағдарламасы мен жоспарының орындалуы туралы есеп	Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор
26.	Студенттер мен магистранттардың ақылы білім алу түрінен Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысуы туралы	Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы
27.	2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп	А.С. Нусупова, Ғылыми- инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор
28.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның магистранттары мен докторанттарының ғылыми жетекшілері мен диссертациялық зерттеу тақырыптарын қайта бекіту туралы	А.С. Нусупова, Ғылыми- инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор
29.	2025-2026 оқу жылындағы (І жартыжылдық) АҚ және МАК қорытындылары туралы	Факультет декандары
30.	«Студенттер көзімен Консерватория: оқу үдерісін ұйымдастыруға қанағаттану» әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері	А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы

31.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның сапа саласындағы мақсаттарын; сапа саласы бойынша комиссия құрамын және оның 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы	А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы
32.	Әртүрлі	
№ 06 МӘЖІЛІС, 28.01.2026 ж.		
33.	2026 жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарын бекіту	А.С. Нусупова, Ғылыми- инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор
34.	2025-2026 оқу жылындағы ОПҚ сапалық-сандық құрамына талдау	А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы
35.	Қаржы-экономикалық қызметтің 2025 жылға арналған есебі	А.Т. Мазбаева, Қаржы-экономикалық қызметінің басшысы
36.	Білім алушыларды ҚР Президентінің шәкіртақысына ұсыну туралы	Факультет декандары
37.	Әлеуметтік сауалнама нәтижелері: «Құрманғазы атындағы ҚҰК-да профессор-оқытушылар құрамының жұмыс жағдайларына қанағаттануы»	А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы
38.	Әртүрлі	
№ 07 МӘЖІЛІС, 25.02.2026 ж.		
39.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерді бос лауазымдарға конкурстық орналасуын іріктеу бойынша Конкурстық комиссия құрамын және жоспарын бекіту туралы	Г.Д. Карабалаева, Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы
40.	2025-2026 оқу жылына элективті пәндер каталогын бекіту	И.О. Оқас,

		Оқу үдерісін жоспарлау бөлімінің басшысы
41.	2025-2026 оқу жылына арналған магистрлік диссертацияларды қорғау және докторантура бойынша кешенді емтихандар бағдарламалары бойынша АҚ құрамын бекіту (көктемгі семестр)	А.С. Нусупова, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор
42.	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында академиялық ұтқырлық бағдарламасының барысы туралы	Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің басшысы
43.	Әлеуметтік сауалнама нәтижелері: «Құрманғазы атындағы ҚҰК-да қызметкерлердің (оның ішінде ІІБ) жұмыс жағдайларына қанағаттануы».	А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы
44.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ПОҚ ғылыми еңбектерін баспаға ұсыну туралы	Кафедра меңгерушілері; Ғалым хатшы
45.	Әртүрлі	
№ 08 МӘЖІЛІС, 25.03.2025 ж.		
46.	2026-2027 оқу жылына арналған академиялық күнтізбені және оқу жүктемесін жоспарлауға арналған уақыт нормаларын бекіту туралы	Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы
47.	Ғылым және инновация бөлімінің жұмысы туралы	С.М. Шакирова, Ғылым және инновация бөлімінің басшысы
48.	Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің туралы	Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің басшысы, баспасөз-хатшысы
49.	«Куратор-эдвайзерге студенттердің көзқарасы» атты сауалнаманың қортындысы туралы	А.Б. Мусаева, Тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің басшысы

50.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ПОҚ ғылыми еңбектерін баспаға ұсыну туралы	Кафедра меңгерушілері; Ғалым хатшы
51.	Әртүрлі	
№ 09 МӘЖІЛІС, 29.04.2026 ж.		
52.	ПОҚ арасынан кандидатураларды мемлекеттік және ведомстволық наградаларға ұсыну туралы	Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор
53.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның 2026-2027 оқу жылына арналған Оқуға қабылдау ережелерін бекіту туралы	Жауапты хатшылар Қабылдау комиссиясы (бакалавриат, магистратура, докторантура)
54.	2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын бекіту (бакалавриат, магистратура, докторантура)	Ж.А. Кошербаев, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
55.	Бакалавриатқа (шығармашылық емтихандар), магистратураға және докторантураға түсу емтихандарының тізбесі мен бағдарламаларын бекіту туралы	Декандар
56.	ҚР ҒЖБМ Республикалық олимпиадасының қорытындылары туралы	А.Ж. Машимбаева, Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы
57.	Консерваторияның студенттік ұйымдарының жұмысы туралы	А.Б. Мусаева, Тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің басшысы
58.	«Студенттердің жатақханадағы тұрмыс жағдайына қанағаттану деңгейін бағалау» атты сауалнаманың қортындысы туралы	М. Қуатханқызы, Әлеуметтік жұмыстар секторының басшысы
59.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ПОҚ ғылыми еңбектерін баспаға ұсыну туралы	Кафедра меңгерушілері; Ғалым хатшы
60.	Әртүрлі	
№ 10 МӘЖІЛІС, 27.05.2026 ж.		
61.	ПОҚ арасынан кандидатураларды Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына ұсыну туралы	Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор

62.	2026-2027 оқу жылына арналған ауыспалы контингенттің жұмыс оқу жоспарларын бекіту (бакалавриат, магистратура, докторантура)	Ж.А. Кошербаев, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
63.	СҒЗЖ туралы қорытынды	С.М. Шакирова, Ғылым және инновация бөлімінің басшысы
64.	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің жұмысы туралы	Ж.Ж. Ысқақов, Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы
65.	Концерттік-шығармашылық және дыбыс жазу студиясының 2025-2026 оқу жылындағы қорытындылары туралы	Г.Р. Тажибаева, Концерттік- шығармашылық және дыбыс жазу студиясы қызметінің басшысы
66.	Әртүрлі	
№ 11 МӘЖІЛІС, 24.06.2026 ж.		
67.	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2025-2026 оқу жылындағы академиялық қызметі туралы есеп.	Ж.А. Кошербаев, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
68.	2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие және әлеуметтік жұмысы бойынша жылдық есеп	Н.Т. Кулданов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор
69.	Академиялық ұтқырлық бағдарламасы және шетелдік серіктестермен ынтымақтастық шеңберіндегі халықаралық қызмет туралы есеп	Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің басшысы
70.	2025-2026 оқу жылындағы АҚ және МАК қорытындылары туралы (II жартыжылдық)	Факультет декандары
71.	Студенттер мен магистранттардың ақылы білім алу түрінен Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысуы туралы	Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы
72.	Білім алушыларды ҚР Президентінің және Н. Назарбаев Қорының студенттік шәкіртақыларына ұсыну туралы	Факультет декандары

73.	2025-2026 оқу жылындағы Құрманғазы ҚҰК Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы	Ш.А. Аманжолова, Ғылыми хатшы
74.	Өртүрлі	

Бұл жыл бойы қаралатын негізгі сұрақтар. Ағымдық мәселелер бойынша қосымша сұрақтар әр Ғылыми кеңесте енгізіліп отырады. Құрманғазы атындағы ҚҰК Ғылыми кеңесінің отырыстары әр айдың төртінші аптасында (сәрсенбі) сағат 14:30-да өтеді. Басымдық қағидатына сәйкес ЖЖОКБҰ-ның Ғылыми кеңесі отырыста қаралатын мәселелердің кезектілігін өзгерте алады.

Ғылыми кеңестің алдағы мәжілісінің баяндамашылары материалдарды алдын-ала дайындап, оларды Мемлекеттік және орыс тілдерінде қағазға (екі данада) және электронды түрде Ғылыми кеңестің хатшысына жиналысқа дейін 3 күнтізбелік күн бұрын ұсынады. Өткізілген мерзімді бұза отырып ұсынылған құжаттар жиналыстың Күн тәртібіне тек Құрманғазы атындағы ҚҰК Ғылыми кеңесінің Төрағасының рұқсатымен ғана енгізіледі.

Қажет болған жағдайда (Ғылыми кеңес төрағасы келісімімен) Күн тәртібіне қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін. Сондықтан да, хатшы қажетті мәселелердің сұрақтарын енгізу үшін, хатшыға мәжілістің 5 күнтізбелік күн бұрын материалдарды ұсынуға міндетті.

Ғылыми кеңестің барлық мүшелерінің жиналысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Ғылыми кеңестің ұсынылған 2024-2025 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес жұмыс жоспарын бекіту бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 28 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

2. ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2025-2026 оқу жылына арналған Ғылыми кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Қабылдау комиссиясы жауапты хатшыларының 2025 жылғы Қабылдау емтиханы туралы есебі.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

А.К. ИМАНБАЕВ – Қабылдау комиссиясының бакалавриат бойынша жауапты хатшысы:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2025 жылғы Қабылдау комиссиясының бакалавриат бойынша жұмысының есебі:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына қабылдау

Қазақстан Республикасындағы жоғары және (немесе) одан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізілді, оның негізінде:

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және одан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері (03.05.2024 ж. жаңартылған);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген бірыңғай ұлттық тестілеуді өткізу және «Бірыңғай ұлттық тестілеу сертификатын беру» мемлекеттік қызметін көрсету ережелері (28.02.2024 ж. жаңартылған);

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау квоталарының көлемдері;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген

«Бакалавр» немесе «Магистр» дәрежесін алу үшін жоғары немесе одан кейінгі білімді төлеу грантын тағайындау ережелері.

Консерваторияға құжаттарды қабылдау 2025 жылдың 20 маусымы мен 6 шілдесі аралығында жүргізілді және цоколь қабаттағы бөлмеде жүзеге асырылды. Талапкерлер үшін қабылдау ережелері, емтихандар тізімі және құжаттар тапсыру мерзімдері туралы барлық қажетті ақпарат Консерваторияның ресми сайтында уақытылы орналастырылды (сәйкес сілтемелерімен бірге):

Қабылдау науқаны:	https://www.conservatoire.edu.kz/ru/learning-process/baccalaureate/vstupitelnye-trebovaniya/
Емтихан талаптары:	https://www.conservatoire.edu.kz/ru/reception-2020/requirements-for-entrance-exams/
Шығармашалық емтихандарға қатысу үшін құжаттар тізімі:	https://www.conservatoire.edu.kz/ru/learning-process/entrant/abiturienta-2019/
Шығармашалық емтихандар кестесі:	https://www.conservatoire.edu.kz/ru/learning-process/baccalaureate/vstupitelnye-trebovaniya/
Шығармашалық емтихандар нәтижелері:	https://www.conservatoire.edu.kz/ru/learning-process/baccalaureate/vstupitelnye-trebovaniya/rezultaty-tvorcheskikh-ekzamenov/

Құжаттар қабылдау екі міндетті түрде тәсілмен жүргізілді:

1. Құжаттарды *электрондық форматта* АИС Платонус арқылы тапсыру: <https://platonus.conservatoire.kz/>

2. *Қағаз түрінде* құжаттарды Консерваторияның қабылдау комиссиясына тапсыру (Алматы қ., Абылай хан проспекті, 86).

Құжаттарды қабылдау кезеңінде, яғни 1 маусым мен 6 шілде аралығында профессорлық-оқытушылық құрам талапкерлерге барлық білім беру бағдарламалары бойынша кеңес берілді, Консерватория аудиторияларында бекітілген кестеге сәйкес, білім беру ұйымының ресми сайтында жарияланған ақпарат негізінде жүргізілді.

Шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалар тобының нөмірі		Білім беру бағдарламалары топтарының атауы/ Білім беру бағдарламаларының атауы	1-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
<i>Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары</i>				
1.	B022	Музыкатану	Музыкалық әдебиеттен ауызша емтихан. Музыкалық тақырыптарды орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан; сольфеджио бойынша диктант
2.	B023	Режиссура, арт-менеджмент	Жазбаша жұмыс эссе / реферат немесе Арт-жобаның презентациясы	Коллоквиум
3.	B025	Дирижерлеу	Дирижерлеу және коллоквиум	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант.
4.	B026	Композиция	Өз шығармаларын ұсыну және коллоквиум.	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5.	B099	Аспаптық орындаушылық	Жеке (соло) бағдарлама орындау	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)

6.	B100	Вокалдық өнер	Жеке (соло) бағдарлама орындау	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
7.	B101	Дәстүрлі музыка өнері	Жеке (соло) бағдарлама орындау	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)

Құжаттарды қабылдау статистикасы (соңғы төрт жыл бойынша):
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына соңғы төрт жыл ішінде қабылданған құжаттар саны төмендегідей болды:

- 2022 жылы – 362,
- 2023 жылы – 372,
- 2024 жылы – 324,
- 2025 жылы – 305.

Кафедралар бойынша тапсырылған құжаттар саны: Есеп беру кезеңі бойынша кафедра-лар бойынша тапсырылған құжаттар саны келесідей бөлінді:

- Музыкатану және композиция кафедрасы – 10,
- Арт-менеджмент кафедрасы – 22,
- Ішекті аспаптар кафедрасы – 32,
- Үрмелі және ұрмалы аспаптар кафедрасы – 34,
- Арнайы фортепиано кафедрасы – 17,
- Вокалдық өнер кафедрасы – 42,
- Дирижерлеу кафедрасы – 30,
- Дәстүрлі ән кафедрасы – 27,
- Домбыра кафедрасы – 36,
- Ежелгі музыкалық аспаптар кафедрасы – 22,
- Қобыз және баян кафедрасы – 33.

Жалпы тапсырылған құжаттар саны – 305.

Қабылдау қорытындысы бойынша құжаттар келесі білім беру бағдарламалары топтары бойынша тапсырылды:

- B022 – Музыкатану – 7,
- B023 – Режиссура, Арт-менеджмент – 22,
- B025 – Дирижерлеу – 30,
- B026 – Композиция – 3,

- B099 – Аспаптық орындаушылық – 83,
- B100 – Вокалдық өнер – 42,
- B101 – Дәстүрлі музыкалық өнер – 118.

Жалпы тапсырылған құжаттар саны – 305.

Жалпы 305 талапкердің алғашқы шығармашылық емтиханды тапсырғандарынан екі талапкер емтиханға келмеді. Олар: 6B02123 – Арт-менеджмент білім беру бағдарламасына құжат тапсырған Әбдіқадыр Назым Маратқызы және 6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер / домбыра бағдарламасына құжат тапсырған Назарбай Мархаббат Мерекеқызы.

Сонымен қатар, төрт талапкер 5 баллдық шекті деңгейден өте алмай, шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша келесі кезеңге өте алмады. Олар: Жексенбинова Аймара Серікқызы (6B02119 – Аспаптық орындаушылық / скрипка), Асқарқызы Әмина (6B02120 – Вокалдық өнер), Маханбетжан Мерей Асанұлы (6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер / домбыра), Файзуллаев Қазбек Әлібиұлы (6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер / домбыра).

Осылайша, 305 емтихан тапсырған талапкердің ішінен 6 адам (2 – келмеу себебінен, 4 – шекті балды жинай алмағандықтан) келесі шығармашылық емтиханға қатыса алмады.

Екінші шығармашылық емтиханға да екі талапкер келмеді: Байгабулова Даяна Даниловна (6B02119 – Аспаптық орындаушылық / скрипка), Бауыржан Лейла Асқарқызы (6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер / халық әні).

Сондай-ақ, Дильмагамбетова Камила Кайратқызы (6B02117 – Дирижерлеу) шекті балл жинай алмады.

Шығармашылық емтихан нәтижелеріне байланысты бірнеше талапкер апелляцияға жүгінді (барлығы 10 апелляция). Олардың ішінде 6 талапкердің апелляциялық шағымдары бойынша баға өзгеріссіз қалды: Усенбек Ысқақ Олжабай (6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер, баян) – 35 балл, Айдархан Зият Мұратұлы (6B02117 – Дирижерлеу) – 12 балл, Абдығалық Айбек Рысдаулетұлы (6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер, домбыра) – 10 балл, Абдыхайл Дильназ Русланқызы (6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер, домбыра) – 18 балл, Скакова Алина Алтынбековна (6B02120 – Вокалдық өнер) – 37 балл, Сапабеков Нұрғиса Бахытұлы (6B02119 – Аспаптық орындаушылық, тромбон) – 15 балл.

Сонымен бірге, келесі талапкерлердің апелляциясы қанағаттандырылып, балдары жоғарылатылды (барлығы 4 апелляция): Әбдікерім Ақмарал Ролланқызы (6B02120 – Вокалдық өнер) – 4 баллдан 5 баллға, Тоқсанбай Бақдәулет Өсерханұлы (6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер, халық әні) – 16-дан 17 баллға, Джанабаев Нұрсұлтан Арманович (6B02121 – Дәстүрлі музыкалық өнер, домбыра) – 18-ден 20 баллға, Шанақбай Қолдас Ержанұлы (6B02119 – Аспаптық орындаушылық, тромбон) – 15-тен 18 баллға.

2025 жылға арналған қабылдау статистикасы (квота бойынша):

1. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар азаматтар, бала жасынан мүгедек жандар, мүгедектігі бар балалар қатарынан – 2 талапкер:

- Ілесбек Бақдаулет Нұрғисаұлы (2-топ мүгедектігі) – Композиция;
- Мырзахан Мәди Бекболатұлы (3-топ мүгедектігі) – Дәстүрлі ән.

2. Басқа мемлекеттер аумағында әскери іс-қимылдарға қатысқан ардагерлер және Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер – жоқ.

3. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, қазақ ұлтынан шыққан тұлғалар – 3 талапкер:

- Мусалиева Аружан Бақытжанқызы – Дирижерлеу (Ресей);
- Доғдырбек Ақнар – Дәстүрлі ән (Қытай);
- Доғдырбек Ернар – Дәстүрлі ән (Қытай).

4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар, сондай-ақ кәмелет жасына толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы ҚР азаматтары – 2 талапкер:

- Халикбердиева Шадиана Рашидқызы – Қобыз.
- Киримбаева Алсу Асылбаевна – Альт.

5. Төрт және одан да көп кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар – жоқ (талапкер кәмелет жасына толмаған болуы тиіс).

6. Кемінде үш жылдан бері толық емес отбасы мәртебесіне ие отбасылардан шыққан кәмелетке толмаған балалар – жоқ (талапкер кәмелет жасына толмаған болуы тиіс).

7. Бала жасынан мүгедектігі бар балаларды немесе бірінші/екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар – жоқ (талапкер кәмелет жасына толмаған болуы тиіс).

Қабылдау комиссиясының жұмысы бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

Біріншіден, қабылдау комиссиясының жұмысына тартылмаған оқытушылардың емтихан тапсыру кезеңінде кеңес өткізуіне және консерватория аумағына кіруіне жол берілмеуі тиіс. Консультанттар құрамы тек бекітілген бұйрыққа сәйкес болуы қажет.

Екіншіден, мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлерін анықтау нәтижелерін жариялау мерзімдерін Ғылым және жоғары білім министрлігімен үйлестіре отырып, 10 тамыздан кешіктірмей аяқтау мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігіне тиісті ұсыныстар енгізу қажет. Бұл қабылдау кезеңіндегі жұмыстардың көптігімен байланысты.

Жалпы алғанда, консерваторияда өткен қабылдау емтихандары нақты әрі ұйымдасқан түрде жүргізілді.

Д.Е. КЕШУБАЕВА – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы:

**2025-2026 оқу жылына магистратураға қабылдау туралы есеп
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы**

Құрманғазы атындағы ҚҰК магистратурасына үміткерлерден құжаттарды қабылдау 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылды «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және белгіленген мерзімде дәстүрлі форматта және ЖОО-ның «Platonus» ақпараттық жүйесі арқылы on-line форматта өтті: 2025 жылдың 1 маусымынан 8 шілдесіне дейін.

Кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) 2025 жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін өтеді.

Шығармашылық емтихандар: 17 шілдеде – мамандық бойынша, 18 және 19 шілдеде – рефератты қорғау бойынша өтті. Апелляциялық комиссияның отырысы – 18 шілдеде.

Кіріспе емтихандарының алдында ұйымдастыру кезеңі өтті, оның барысында: магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары; қабылдау, пәндік (шығармашылық) және апелляциялық комиссиялардың құрамдары; магистратураның барлық білім беру бағдарламалары бойынша үш тілдегі кіріспе емтихан талаптары; шығармашылық емтихандарға арналған емтихан билеттері; кіріспе шығармашылық емтихандардың кестесі бекітілді.

Құжаттарды қабылдау кезеңінде магистратураға үміткерлерден ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша барлығы 111 өтініш келіп түсті, оның ішінде:

110 – ғылыми-педагогикалық бағыт, олардың арасында Өзбекстан Республикасының бір азаматы бар.

1 – бейінді бағытқа.

111 адамның ішінен мамандық бойынша бірінші шығармашылық емтиханды тапсыруға 111 адам жіберілді. Бірінші шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша рефератты қорғау бойынша екінші шығармашылық емтиханды тапсыруға 87 адам жіберілді.

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі форматта «А», «Б» корпустарында: № 215, № 216 аудиторияларда, Ғ.Жұбанова атындағы Камералық залда, А.Жұбанов атындағы Кіші залда, Е. Рахмадиев атындағы Үлкен залда, Құрманғазы атындағы ҚҰК конференц залында Абылай хан даңғылы, 86 мекенжайы бойынша өткізілді.

Аудиториялар бейнекамералармен жабдықталған – бейнекамераның көмегімен шығармашылық емтихандардың бейнежазбасы жүргізілді.

Емтихандық пәндік қабылдау комиссиялары құрамына ғылыми дәрежесі бар (ғылым докторы, ғылым кандидаты, тиісті бейін бойынша PhD докторы), құрметті атағы бар (ҚР Халық әртісі, ҚР Еңбек сіңірген әртісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері) профессорлық-оқытушылық құрамнан құрылды.

18 шілдеде апелляциялық комиссияның отырысында «7M02101 Дәстүрлі музыкалық өнер» (екі өтініш), «7M02105 – Дирижирлеу» (үш өтініш), «7M02103 – Вокалдық өнер» (бес өтініш), «7M02101 – Музыкатану» (бір өтініш) мамандықтары бойынша магистратураға үміткерлерден түскен 11 өтініш қаралды.

Апелляциялық комиссияның жұмысы үшін барлық бейне материалдар, қабылдау пәндік комиссиясының шешімі бар хаттамалар ұсынылды.

Осылайша, шығармашылық емтихандарды өткізген қабылдау пәндік комиссиялары құрамының жұмысы белгіленген нормативтік қағидаларға сәйкес, белгіленген мерзімде, кестеге сәйкес жүргізілді. Кешенді тестілеуді тапсыруға 109 адам тіркелді. Кешенді тестілеуге барлығы 87 адам қатысты. Олардың ішінде 68 адам шекті балл жинады, 19 адам шекті балл жинамады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025 жылғы 1 тамыздағы № 359-НҚ «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет, спорт және туризм саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы» бұйрығының негізінде шығармашылық емтихандар мен кешенді тестілеу нәтижелері бойынша магистратураға ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша (оқу мерзімі екі жыл) – 35 адам мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылданды. Ақылы оқуға – 6 адам, оның ішінде 1 адам бейінді бағытқа (оқу мерзімі бір жыл), 1 адам – Өзбекстан азаматы.

7M02101 – Музыкатану – 4 адам.

7M02102 – Аспаптық орындаушылық – 12 адам.

7M02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер – 6 адам.

7M02103 – Вокалдық өнер – 4 адам.

7M02105 – Дирижирлеу – 5 адам.

7M02123 – Арт-менеджмент – 4 адам.

Шығармашылық кіріспе емтихандар мен кешенді тестілеуді өткізу нәтижелері бойынша магистратураның келесі мамандықтары бойынша 5 грант игерілмей қалды:

7M02111 – Композиция – 2

7M02105 – Дирижирлеу – 1

7M02123 – Арт-менеджмент – 1

7M02101 – Музыкатану – 1

Игеру күзгі қабылдауға ауыстырылады. Өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 28 қазанынан 10 қарашасына дейін өтеді.

Мамандықтар бойынша бірінші шығармашылық емтиханның нәтижелері:

<https://www.conservatoire.edu.kz/ru/learning-process/master/informatsiya-dlya-postupleniya-v-magistraturu-2024-2025/nauchno-pedagogicheskaya-magistratura/rezultaty-pervogo-tvorcheskogo-ekzamina-v-magistraturu-2025-2026>

Рефератты қорғау бойынша екінші шығармашылық емтиханның нәтижелері:

<https://www.conservatoire.edu.kz/ru/learning-process/master/informatsiya-dlya-postupleniya-v-magistraturu-2024-2025/nauchno-pedagogicheskaya-magistratura/rezultaty-vtorogo-tvorcheskogo-ekzamina-v-magistraturu-2025-2026>

Магистратура мен докторантураға қабылдау пәндік емтихан комиссияларының құрамдары туралы бұйрық:

https://drive.google.com/file/d/1-5gE4TnXPCr5_U76t_9xhL2-N-VsKow-/view?usp=sharing

Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша грантқа қабылдау туралы бұйрық:

https://www.conservatoire.edu.kz/upload/08-2025/Prikaz_mag_2025

2025-2026 оқу жылына арналған докторантураға қабылдау туралы есеп Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

Құрманғазы атындағы ҚҰК докторантурасына үміткерлерден құжаттарды қабылдау 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылды «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және белгіленген мерзімде дәстүрлі форматта және ЖОО-ның «Platonus» ақпараттық жүйесі арқылы on-line форматта өтті: 2025 жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін.

Шығармашылық емтихандар: 4 тамызда – мамандық бойынша және рефератты қорғау бойынша өтті. Апелляциялық комиссияның отырысы – 5 тамызда.

Кіріспе емтихандарының алдында ұйымдастыру кезеңі өтті, оның барысында: докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары; қабылдау, пәндік (шығармашылық) және апелляциялық комиссиялардың құрамдары; докторантураның барлық білім беру бағдарламалары бойынша үш тілдегі кіріспе емтихан талаптары; шығармашылық емтихандарға арналған емтихан билеттері; кіріспе шығармашылық емтихандардың кестесі бекітілді.

Құжаттарды қабылдау кезеңінде докторантураға үміткерлерден барлығы 14 өтініш келіп түсті.

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі форматта «Б» корпусында: Абылай хан даңғылы, 86 мекенжайы бойынша Құрманғазы атындағы ҚҰК конференц залында өткізілді. Аудитория бейнекамерамен жабдықталған – бейнекамераның көмегімен шығармашылық емтихандардың бейнежазбасы жүргізілді.

Емтихандық пәндік қабылдау комиссиялары құрамына ғылыми дәрежесі бар (ғылым докторы, ғылым кандидаты, тиісті бейін бойынша PhD докторы), құрметті атағы бар (ҚР Халық әртісі, ҚР Еңбек сіңірген әртісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері) профессорлық-оқытушылық құрамнан құрылды.

5 тамызда апелляциялық комиссияның отырысында «8D02102-Аспаптық орындаушылық» мамандығы бойынша докторантураға үміткерден түскен 1 өтініш қаралды.

Апелляциялық комиссияның жұмысы үшін барлық бейне материалдар, қабылдау пәндік комиссиясының шешімі бар хаттамалар ұсынылды. Осылайша, шығармашылық емтихандарды өткізген қабылдау пәндік комиссиялары құрамының жұмысы белгіленген нормативтік қағидаларға сәйкес, белгіленген мерзімде, кестеге сәйкес жүргізілді.

Мамандықтар бойынша бірінші шығармашылық емтиханның нәтижелері:

<https://www.conservatoire.edu.kz/ru/learning-process/doctorate/informatsiya-dlya-postupleniya-v-doktoranturu-2024-2025/rezultaty-pervogo-tvorcheskogo-ekzamena-2025-2026/>

Рефератты қорғау бойынша екінші шығармашылық емтиханның нәтижелері:

<https://www.conservatoire.edu.kz/ru/learning-process/doctorate/informatsiya-dlya-postupleniya-v-doktoranturu-2024-2025/rezultaty-vtorogo-tvorcheskogo-ekzamena-2025-2026/>

Магистратура мен докторантураға қабылдау пәндік емтихан комиссияларының құрамдары туралы бұйрық:

https://drive.google.com/file/d/1-5gE4TnXPCr5_U76t_9xhL2-N-VsKow-/view?usp=sharing

Докторантураға грантқа қабылдау туралы бұйрық:

https://www.conservatoire.edu.kz/upload/08-2025/Prikaz_doct_2025

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025 жылғы 1 тамыздағы № 359-НҚ «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет, спорт және туризм саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы» бұйрығының негізінде келесі гранттар саны бөлінді:

«8D02123 – Арт-менеджмент» – 1

«8D02101 – Музыкатану» – 2

«8D02102 – Аспаптық орындаушылық» – 1

«8D02103 – Вокалдық өнер» – 1

«8D02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер» – 1

«8D02105 – Дирижирлеу» – 1

Барлық гранттар игерілді.

